


Алматы қ. КДСБ ШЖҚ «БЕОО» КМК  
директоры м.а.  
23.10.2024 ж. №520/д02-17 бұйрығымен  
бекітілді  
  
Омар Н.О.  
«\_\_\_» 2024ж.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

### I. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық деңсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балаларды ерте оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Орталықта сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтудың және жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін орнатады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының көрсетілген ережелері сыйбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілерін болдырмауға, Орталықта сыйбайлас жемқорлықтан қатаң түрде бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл- Орталықтың лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі төмендегілерге бағытталған:

1) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, оның ішінде сыйбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою бойынша жұмыстар жүргізу (сыйбайлас жемқорлықтың профилактикасы);

2) Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу бойынша (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері Орталықтың барлық қызметкерлеріне қолданылады.

### 2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары мен міндеттері

5. Сыйбайлас жемқорлықтан бас тартатын және лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Орталық қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;

2) Орталық қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Орталықтың қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сактауға тәрбиелеу болып табылады.

### 3. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша шаралар

7. Орталықта сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Орталық қызметкерлерінде сыйбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру:

- қызметкерлерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын түсіндіру;

- квазимемлекеттік сектордың өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы Орталық қызметкерлерінің назарына жеткізу;

- Орталық қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелесулерін өткізу.

2) Орталықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне, оның ішінде бос лауазымға орналасуға кандидаттарға біліктілік талаптарын қою;

3) кадр жұмысының практикасына лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзак, мінсіз және тиімді орындауды оны жоғары тұрган лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелей кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережені енгізу;

4) Орталық қызметкерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін кез келген алайқтық, теріс пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттер жасауға қатысты белгілі болған фактілер немесе құдік туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

#### **4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары**

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Орталық қызметтің негізгі бағыттары:

1) Орталықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай саясатын жүргізу;

2) мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Орталықтың өзара іс-қимыл тетігін құру;

3) Орталық қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыйбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;

4) қызмет көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, адаптациялықты қамтамасыз ету.

9. Орталықтың қызметкерлері Орталықтың өзге қызметкерінің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және Орталық қызметкерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе құдіктер туралы ақпаратқа ие болған жағдайда Орталықтың басшылығын дереу хабардар етуге және қажет болған жағдайда жауапқа тартуды және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етуді қоса алғанда, өзінің логикалық растауына дейін жеткізуге міндетті.

#### **5. Мұдделер қақтығысын реттеу және алдын-алу тәртібі**

11. Орталық қызметкерлері міндетті:

1) мұдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

2) туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзінің тікелей басшысына ол туралы белгілі болған кезде бірден хабарлауға міндетті;

3) мұдделер қақтығысын болғызыбау және реттеу жөнінде өзге де шаралар қолдануға құқылы.


12. Мұдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мұдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Орталық қызметкерлерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейінгі өзгертулерден тұруы мүмкін.

**6. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы үшін жауапкершілік**

5. Орталық қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікте болады.

**Әзірлеген:**

Комплаенс-офицер



Едилкызы М.